

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.183-186

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, АҚКӨЛ АУДАНЫ « SC FOOD » ЖШС-НІҢ ТЫҢАЙҒАН
ЖЕРЛЕРІНДЕ МӘДЕНИ ЖАЙЫЛЫМ ҚҰРУ ҮШІН ОҢТАЙЛЫ
ШӨПҚОСПАЛАРДЫ ТАҢДАУ**

Серекпаев Н.А., Ахметжанов Ж.Н.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы алаңы 182,8 млн. гектарды, оның ішінде жайылымдар 146,9 млн. гектарды, егістік пен тыңайған жерлер 26,7 млн. гектарды, шабындықтар 4,2 млн. гектарды құрайды [1].

2012 – 2014 жылдардағы түгендеу қорытындылары бойынша 7,4 млн. гектар пайдаланылмайтын жерлер, оның ішінде 0,9 млн. гектар егістік, 1,2 млн. гектар тыңайған жерлер, 0,08 млн. гектар шабындық, 5,2 млн. гектар жайылым, 0,01 млн. гектар көпжылдық екпелер бар екені анықталды. Ақмола облысы аумағында 4,2 млн. га жайылым бар, оның ішінде шалғайдағы мал шаруашылығы үшін – 668,4 мың га, оның ішінде суландырылған жайылымдар 1,4 млн. га құрайды.

Қазақстан жайылым көлемі бойынша әлемде бесінші орынды алады, еліміздің барлық жер ауданының 70 %-ын құрайды. Алайда, бұл жер қоры бүгін тиімсіз пайдаланылады және тозандану қауіпі төніп тұр.

Жердің тозуы өте күрделі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстанда 48 млн. га жер деградацияға ұшыраған. Елімізде жайылым жер жалпы жер көлемнің 146,9 млн. гектарын, яғни 70 %-ын алып жатыр. Қазақстанда шөлейттену (экожүйелердің тозуы) негізгі проблемалардың бірі болып табылады. 1992-1993 жылдардан кейінгі ірі қара мал басының күрт төмендеуіне байланысты жайылымдық зауыттар қалпына келтіріле бастады [2].

Жайылымдық алқап осы күнге дейін айналымға енбей, дәстүрлі мал шаруашылығын дамытуға өзінің үлесін қоспай келеді. Сондай-ақ, шалғайдағы жайылымдарды суландыру мәселесі де толығымен шешілмеген.

Көптеген сарапшылардың пікірі бойынша, ұтымсыз пайдаланудың және жаюдың дәстүрлі ережесінің бұзылуы кеселінен, әсіресе елді-мекендерге жақын жерлерде, жайылымдардың тапшылығына әкеп соғуда. Нәтижесінде шаруашылықтар, біріншіден, мал басын көбейте алмай отыр, ал екіншіден, бар мал басының өнімділігін арттыра алмай отыр. Осыдан, Республика бойынша төмен рентабельділік және шаруашылықтар шығындылығы туындап отыр [3].

Орта есеппен әрбір шартты орта және ірі қара малдың басына 20 гектар шабындықтан келеді. Алайда, іс жүзінде мал ашығуда, ең төменгі қажеттіліктен жайылымдық жемді 30 % кем алуда. Өйткені, барлық

жайылымдық жердің 48 миллион гектары немесе 26 %-ы құлдыраған. Жыртылған алқаптардың құнарлылығын арттыру және жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар толық көлемде жүргізілмейді.

Республиканың барлық өңірлерінде жер сапасының нашарлауына, құрамында қарашіріктің, қоректі заттардың, өсімдіктердің түрлік құрамы мен оның өнімділігінің төмендеуіне қатысты тұрақты үрдіс байқалуда, бұл ауыл шаруашылығы өндірісінің әлеуетін төмендетеді.

ҚР АӨК-сін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Мемлекет басшысының 2016 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасына, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында белгіленген Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық мақсаттарына және «Қазақстан-2050» стратегиясына сәйкес әзірленді. Осы Мемлекеттік бағдарламада жайылым бағыты да қарастырылған болатын. Суармалы жайылым ауданы 2015 жылы 43 млн. га болса, 2021 жылға 61 млн. га-ға ұлғайту көзделіп отыр. Жақсартылған жайылым көлемі 5 млн. га болса, 2021 жылға дейін 9 млн. га-ға жеткізуге мақсат қойылып отыр [4].

Осы мәселелерді шешудің ең тиімді жолдарының бірі мәдени жайылымдар. Оларды мелиоративтік шабындықтарда жоғары өнімді шөптерді қалыптастыру және жайылым ауданын жақсарту арқылы құрады.

Табиғи-шаруашылық жағдайына байланысты жайылымдардың екі түрін жасайды: қысқа мерзімді (5-6 жыл) және ұзақ мерзімді (7-10 жыл және одан да көп).

Мәдени жайылымды құрудың ең жылдам жолы (әсіресе ылғал жеткілікті аудандарда) – табиғи мал азықтық алқаптардың беткі бөлігін жақсарту. Оны шабындықтағы бағалы мал азықтық шөптің 20-25 %-ы сақталған (әсіресе, тамырсабақты және сиректүптілер), ал алаңдағы ағаш-бұталар мен төмпешіктер 20 %-дан аспайтын жерлерде жүргізген жөн. Осы жайылымдарда мәдени-техникалық мелиорациялау жұмыстары жүргізіледі: бұталардан тазарту, түбірлерді алып тастау, тастарды, төмпешіктерді, өсімдік қалдықтарын, бетін тегістеу, тыңайтқыш енгізу, тырмалау, саңылаулау, арамшөптерді жою, су режимін реттеу (ірікілген суды бұрып жіберу, суару). Содан кейін жайылым аумағына қашарлар мен қоршаулар орналастырады [5].

Сондықтан жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстарымыздың мақсаты Ақмола облысы, Ақкөл ауданы «SC FOOD» ЖШС-нің тыңайған жерлерінде мәдени жайылым құру үшін оңтайлы шөпқоспаларды таңдау болып табылады.

Жұмыстың міндеттері:

- 1) Тыңайған жерлерде мәдени жайылым құру үшін шөпқоспаларды таңдау;
- 2) Тыңайған жерлерде агротехнологиялық іс-шараларды қолдануды зерттеу;

Бұл мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін 2016 жылы Ақмола облысы, Ақкөл ауданы «SC FOOD» ЖШС-нің жайылым учаскелерінде далалық тәжірибе салу арқылы эксперименттік зерттеулер жүргізілді.

Негізгі зерттеу нысандары – топырақ жамылғысына әсер ететін

жайылымдық өсімдіктер мен факторлар, өсуі, дамуы және өсімдіктердің өнімділігі. Тәжірибе жұмыстары 2016-2018 жылдар аралығында қайталым арқылы қаланады. Тәжірибеде 4 реттік қайталым. Тәжірибелік мөлдектің ауданы 120 м², есептік ауданы 100 м². Тәжірибелердегі нұсқалардың орналасуы дәйекті орналасқан қайталаулар жүйесі. Далалық тәжірибе жұмыстарын қояр алдында қарашірік құрамын топырақтағы қоректік заттарды анықтау үшін топырақ үлгілерін таңдап алдық.

Жайылымдық шөпқоспалар құрамына төрт малазықтық дақылдар енгізілді: эспарцет, еркекшөп, қылтықсыз арпабас және жоңышқа. Олар таза күйінде де, шөпқоспа түрінде де себілді: 1) еркекшөп; 2) еркекшөп+эспарцет; 3) қылтықсыз арпабас+жоңышқа; 4) еркекшөп+жоңышқа+қылтықсыз арпабас; 5) еркекшөп+эспарцет+қылтықсыз арпабас.

Зерттеу нәтижелері. Тәжірибелік танаптар Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Азат ауылындағы ауыл шаруашылығына арналған жерлерінде орналасқан. Шаруашылықтағы жалпы жер көлемі 12000 га құрайды. Ауыл шаруашылық алқаптары 11835 га құрайды, оның ішінде: егістік – 8255 га, жайылым – 3500 га. Басқа жерлер – 80 га.

Кесте 1 – Шөпөтының ботаникалық құрамы, дана/м²

Үлгі	Тыңайған жер		
	1	2	3
Жатағанукекіре <i>Acrotilonsrepens</i>	-	-	28
Шөл еркекшөбі <i>Agropyrumdesertorum</i>	-	20	24
Сиырқұйрық <i>VerbascumThapsus</i>	20	-	-
Күйдіргісарғалдақ <i>Ranunculusacris</i>	-	-	8
Кәдімгісиякөк <i>Linaria vulgaris</i>	-	20	-
Дала қазқұрты <i>Filagoarvensis</i>	-	-	24
Өткірсүттіген <i>Euphorbiaacuta</i>	-	8	16
Татар қарақұмығы <i>Fagopyrumtataricum</i>	-	12	-
Аққызылқұйрық <i>Amaranthusalbus</i>	4	-	-
Кәдімгіжусан <i>Artemisia vulgaris</i>	-	24	48
Ақжусан <i>Artemisiaabsinthium</i>	-	20	28
Австриялықжусан <i>Artemisiaaustriaca</i>	-	-	-
Су бетегесі <i>Festucapratensis</i>	-	12	16
Жатағанбидайық <i>Elytrigia repens</i>	48	68	44
Барлығы	72	184	236

Зерттелетін жалпы жер көлемі – 300 га, аумақ периметрінің келесідей бойлықтары бар: тыңайған жерлер – 2948 м; жақсартылған жайылым көлемі – 2941 м; табиғи жайылым алаңы – 2948 м. Максималды биіктік белгісі аумақтың оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, тыңайған жерлер маңайында – 328,6 м, минималды биіктік белгісі солтүстік-шығыс бөлігінде, табиғи жайылым маңайында – 326,8 м, биіктіктің ауытқуы 1,8 м құрайды. Жақсартылған жайылым жерлерінің ортасында еріген қар суының жыйналуы әсерінен диаметрі 160 м-ді құрайтын шалшықты жер орналасқан. Шаруашылықтағы жер пайдаланушылық картасы бойынша зерттелетін жер көлемі жақсартылған жер аумағынан 33,3 % (100 га), табиғи жайылым жерінен 33,3 % (100 га) және тыңайған жерден 33,3 % (100 га) тұрады.

Сонымен, тыңайған жер учаскелеріндегі жатаған бидайық (68; 48; 44 дана/м²), кәдімгі жусан (48 дана/м²), жатаған уекіре (28 дана/м²) мал азықтық дақылдарының шөпоттары жоғары көрсеткішке ие болды. Шөпотының ботаникалық құрамын зерттегенде 3-ші нөмерлі учаске жоғарғы көрсеткіш көрсетті (236 дана/м²). Ал 1-ші учаскеде төмен көрсеткішті шөпоттар қалыптасты (72 дана/м²). Тыңайған жердегі учаскелерде шөпотының ботаникалық құрамы мүлдем байқалмаған мал азықтық дақыл кездесті (Австриялық жусан).

Кесте 2– Табиғи мал азықтық жайылым өнімділігі, т/га

Нұсқалары	Тыңайған жер		
	1	2	3
Жайылым массасының салмағы	2,72	3,66	4,12
Құрғақ массасының салмағы	1,65	2,22	2,22

Осылайша, ең жоғары өнімділік 3-ші нөмерлі тыңайған жер учаскесінде қалыптасты(кесте 2). Жайылым массасының салмағы 4,12 т/га, ал құрғақ массасы 2,22 т/га құрады. Ал ең аз өнімділік 1-ші нөмерлі учаскеде қалыптасты. Аумақтың жайылым массасының салмағы 2,72 т/га, ал құрғақ массасы 1,65 т/га құрады.

Әдебиеттер тізімі

- 1.МельникА. Отгонное животноводство: реальность и перспективы / <http://apgazeta.kz/> 2013.
2. SeilkhanA.S. Degradation of lands in central Asia.A.S.Seilkhan, R.AA.Mizadinov, I.R.Mizadinov, M.A.Kizdarbekova.International Multidisciplinary Scientific Geoconference (SGEM 2016). 2016.
- 3.ТөрехановА.Ә.Табиғи жайылымдарды тиімді пайдалану негіздері. Алматы. 2006.
- 4.ҚР АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту // <http://egov.kz/cms/kk/law/list/P1600000894>
- 5.Электрондық ресурсы:/ <http://fermer.zol.ru/a/156f8/> 2012.